ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ | ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2021 жылғы 14 қаңтар № 5
Түркістан қ. г. Туркестан

**Кейбір мемлекеттік мекемелерді, мемлекеттік коммуналдық мекемелерді және мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарды қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, бюджетаралық қатынастар, несие беру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын іске асыру мақсатында, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кейбір мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік коммуналдық мекемелер мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес қайта аталсын.

2. Мемлекеттік мекемелердің Ережелері және мемлекеттік коммуналдық мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың Жарғылары осы қаулының 2-1229 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

3. «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» және «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемелері аудан, қала әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

0003141



4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.А.Қалқамановқа жүктелсін.

**Облыс әкімі** **Ө. Шөкеев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ
ҚҰЖАТТАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ

*«Кейбір мемлекеттік мекемелерді, мемлекеттік коммуналдық мекемелерді және мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарды қайта атау туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы «___» ______ №____қаулысына*